Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры:
Ш.Е.Дайрабаева
_____ 2023 жыл

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі бойынша 2023 – 2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асырудың іс – шаралар жоспары

2023-2024 оқу жылы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенгеқұрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ***ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшінқызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл жәненамысшыл
- Мемлекеттік рәміздердіқадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді
- Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды;
- Достарын, сыныптастарынсыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командаменжұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануғақұштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтынұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынасорната білу;
- Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығынсақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді;
- Қоршаған орта тазалығынсақтайды;
- Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық;

-Ізденімпаз, жасампаз тұлға

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас жәнепсихологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысыныңжүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасызететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудыңқұралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сақұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі *(11-15 жас)*

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда: Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары меноқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімберу) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Сынып жетекшілердің міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңдыөкілдерге) арналған консультациялар); білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзараәрекеттесу;

Аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу

ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС –ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

№	Бақылау нысаны	Мәселелер мен қауіп-қатерлер	Басқарушылық шешім жолдары
1	Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспарын тексеру және бекітуді іске асыру	1. Жоспардың нормативтік құжаттарға сәйкес келмеу қаупі 2. Жоспардың уақтылы іске асырылмауы 3. Жоспардың жекелеген бағыттарын іске асырудың формалды тәсілі	Сынып жетекшілердің ӘБ тәрбие жоспарын талқылау және жүзеге асыру Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыстарды күшейту, енді бастаған сынып жетекшілерге қолдауларды ұйымдастыру.
2	2. Тәрбие үрдісі	1. Тәрбиелілік деңгейі төмен, девиантты және деструктивті мінез-құлықты білім алушылар санының ұлғаю қаупі, буллинг, зақымдану жағдайларының көбеюі 2. 1, 5-сыныптардағы білім алушылардың, жаңадан келген оқушылардың нашар бейімделуі	Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмысты күшейту Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын күшейту Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің сынып пен мектептің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру

		нәтижесінде үлгерімнің төмендеу қаупі 3. 8-11 сынып білім алушыларын кәсіптік бағдарлау бойынша формалды жұмыс қаупі	Колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектерін, оқытушылары мен студенттерін, әр саланың кәсіби мамандарын тарта отырып, кәсіптік бағдарлау жұмысының нысандарын әр түрлі ету
3	Білім алушылардың өзін-өзі басқаруға тартылуы, мектептің тәрбие процесіне белсенді қатысуы	Оқушылардың пассивті ұстанымы қалыптасуы,өздігінен ұйымдастыру қабілетінің болмауы және іс-шараларды өткізуге құлқының болмау қаупі	Сынып жетекшілерімен бірқатар оқыту әдістемелік іс-шараларын өткізу Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының жүйесін өзгерту
4	Мектеп пен отбасының әрекеттестігі	1,.Оқушылардың заңды өкілдерімен, ата-аналарымен немқұрайлы түрде жұмыс атқару қаупі 2.Мектептің тәрбие жұмысына ата-аналардың пассивті түрде қарау қаупі	Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмысты күшейту (оқыту семинарлары, ата-аналар жиналыстарын бірлесіп әзірлеу, ата-аналармен өзара іс-қимылдың жұмыс нысандарының әртүрлілігі және т.б.) Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің сынып пен мектептің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру
5	Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету Зорлық-зомбылықтың алдын алу	1.Турникет пен бейнекамера жұмысының істен шығу қаупі. 2.Оқушылар өмірінің қауіпсіздігіне жауапты сынып жетекшісінің немқұрайлы қарау қаупі. 3.Отбасындағы, мектептегі зорлық-зомбылық, қорлау,буллинг жағдайлары анықталғанда әлеуметтік педагог пен психолог жұмысындағы немқұрайлық қауп.і 4.Оқушылар ұжымындағы тұлғааралық проблемалардың алғашқы сигналдарын елемеу қаупі.	Бейнекамералардың, турникеттің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету Сынып жетекшісінің қауіпсіздік, төзімділік мәселелері бойынша, ұжымдық құндылықтарды қалыптастыру бойынша сыныбымен жұмыс істеу әдістері мен нысандарының орындылығын анықтау Психолог пен әлеуметтік педагогтың, сынып жетекшілерінің жұмысын күшейту мақсатында қақтығыстардың туындау жағдайларын, буллинг жағдайларын мониторингтеу және талдау Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру Мектепте зорлық-зомбылық, бұллинг, қауіпсіздікті бұзу фактілерін анықтау үшін оқушылар мен ата-аналарға сауалнама жүргізу

6	Қосымша білім беру мен сыныптан тыс жұмысты жүргізу деңгейі	Үйірме жұмыстары мен спорттық секциялардың формальды түрде ұйымдастырылуы «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының өзін-өзі басқару органдарымен әлсіз жұмысыс «Балалар және театр», дебаттық қозғалыс, «Оқуға құштар мектеп» жобаларының жұмыстарын формальды түрде ұйымдастыру	Спорттық секциялар мен үйірмелердің жұмысына оқушылар мен ата-аналардың қанағаттануына мониторинг жүргізу Сынып жетекшілерімен, үйірмелер мен секциялар басшыларымен әдістемелік жұмысты күшейту Оқушылардың өзін-өзі басқаруының, сыныптан тыс жобаларға қатысушылардың жұмысын күшейту
7	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары	1.Жазғы демалыс кезінде оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың формальды түрде өту қаупі. 2.Мектеп жанындағы лагерьге баратын оқушылардың саны аз болуы қаупі .	Жазғы кезеңде жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Оқушылар мен ата-аналардың сұраныстарын зерделеу негізінде мектеп жанындағы лагерьдің жұмыс жоспарын әзірлеу. Мектеп жанындағы лагерьде балалардың қауіпсіздігі жүйесін қамтамасыз ету.
8	Оқушылардың қатысуы	1. Білім алушылардың білім беру сапасын төмендету қаупі 2. Құқық бұзушылықтардың туындау қаупі 3. Қараусыз қалған мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу сапасын төмендету қаупі.	Қоғамдық жұмысқа және өзін-өзі басқаруға рұқсаттама бойынша тәуекел тобындағы оқушыларды тарту жоспарын әзірлеу. Жол берілмеушіліктің алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу (әңгімелесу, сынып сағаттары, жиналыс, ұлдар, қыздар кеңесінің отырысы). Ата-аналарды жауапкершілікке тарту.
9	Әлеуметтік әлсіз топтағы балалармен жұмыс	1. Әлеуметтік қорғаусыз қалған отбасыларға материалдық көмекті уақтылы көрсетпеу қаупі. 2. Тегін ыстық тамақпен, демалыс лагерьлеріне жіберумен, өзге де материалдық заттармен уақтылы қамтамасыз етілмеу қаупі.	Әлеуметтік аз қамтылған топ балалардың қажеттіліктерін анықтау, жанұялармен сынып жетекшілердің, психологтардың жұмысын бақылауды күшейту. Директор жанындағы отырыс, хаттама.

10	10. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс (ЕБҚ)	Ерекше білім беруді қажет ететін бабалар үшін қауіпсіз, қолайлы орта қалыптастыру жұмыстарының формальды түрде жүру қаупі.	Директорлар, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, психолог орынбасарларының жұмысын күшейту ЕБҚ балалардың ата-аналарына сауалнама жүргізу, проблемаларды анықтау және оларды шешу.

Тәрбие жұмысы бойынша басшылыққа алынатын нормативтік құжаттар

1.	«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы
2	Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен)
3	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-IY2011 жылғы 26 желтоқсандағыҚазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен)
4	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан РеспубликасыныңЗаңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен)
5	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-II Қазақстан Республикасының Заңы(24.05.2018 ж.өзгерістермен және толықтырулармен)
6	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
7	«Білімді ұлт»«Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері
9	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы;
10	Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы
11	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысымен бекітілген.«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы
12	«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығы. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы.
13	Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрінің Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагоктері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;
14	Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағартуминистрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы.
15	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ. Әдістемелік нұсқау хат

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруға бағытталған
ЖОСПАР

№	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстар				
1	2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.	Тамыз 2023 жыл	Тамыз конференциясы	ДТІЖО
2	Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету «Ұлттық мүдде (Отан)», «Ар-ұят», «Талап» үш құндылық бағыты бойынша әзірлеп, іске асыруды ұйымдастыру	Қыркүйек 2023 жыл	Мектепішілік семинар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А
3	Мектептің әлеуметтік парақшаларына жоспарды орналастырып, педагогтер қауымын хабардар етуді ұйымдастыру	Қыркүйек, 2023 жыл	Ақпарат	ДТІЖО Турганбаева Ш.А
4	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын үйлестіру	Жыл бойы	Ақпарат	ДТІЖО Турганбаева Ш.А
5	Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі мен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін нығайту және отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау мақсатында «Ата-аналар мектебі», «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жобалары бойынша жұмыстарды жандандыру	Жыл бойы	Әкелер мектебі	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С ДҚТІЖО Юлдашев Д.И
6	Тұрмыстық – зорлық зомбылықтың, оның ішінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығының алдын алу мақсатында патриоттық тәрбиедегі және өгей әкелермен бірге тұратын балалармен сұхбат жүргізу	Жыл бойы	Сұхбат	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И
7	Балалар арасында интернетке тәуелділік пен құмар ойындардың алдын алу мақсатында «Құқықтық сауаттылық - заман талабы», «Бала құқығы - адам құқығы» атты түнгі рейдтерді ұйымдастыру	Жыл бойы	Рейдтер	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И

8	«Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» акциясы аясында сенбілік ұйымдастыру	Жыл бойы	Жыл мезгіліне қарай	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С
9	Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында - «Түнгі қаладағы балалар», «Түнгі ауыл балалары» атты жедел алдын алу іс-шараларын өткізу; - «Қатыгездік пен зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» атты жобасын жүзеге асыру; «Бала еңбегін қанауға жол жоқ!», «Бала еңбегін қанауға қарсы күрес» атты акцияларды ұйымдастырып өткізу	Жыл бойы	Іс-шаралар	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И
10	Азаматтық қорғаныс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз балалық шақ", "Отсыз демалыс", "Менің қауіпсіз демалысым", "Оттан сақ бол!»; «Сіріңке - бір өмірдің бағасы»; "Өрттің шығу себептері", "Орман өрттері" тақырыптарына іс-шаралар өткізу	Жыл бойы	Іс-шаралар	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И АӘД пәнінің жаттықтырушысы Бекназаров К.О
11	Қосымша білім беру мекемелерінде ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірге өткізуге ынталандыру бойынша іс-шаралар өткізу	Жыл бойы	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С

12	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық жұмыс істеу қағидаларының» 5 бағыты *(диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік)* бойынша жұмыстарды жандандырып, жүйелі жұмыстарды жүргізу	Жыл бойы	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп психологтары Наметкулова А Карибаева А
13	Мектептегі психологиялық - әлеуметтік қызметті және психологиялық ағарту жұмыстарын жетілдіру мақсатында «Ата-ана мен бала арасындағы қатынас - табыс кілті», «Мен мамандығымды сүйемін!», «Педагогтер арасындағы эмоционалдық қажуды жеңу жолдары», «Бірге болсақ, алынбайтын қамал жоқ!» атты тренингтер топтамасын, «Бос уақытыңды қалай өткізесің?», «Сені не алаңдатады, мектеп бітіруші?», «Басса- Даркидің мінездегі агрессияны анықтау», «Жалғыз сезіну сезімдерін анықтау» атты сауалнамалар алу, «Отбасы - бақыт мекені», «Балаңыз жайлы не білесіз», «Балаңызға бірге көмектесейік», «Жанұядағы қарым-қатынас мәселесі және оны шешу жолдары» атты ата-аналарға кеңес беру күндерін өткізу	Жыл бойы	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп психологтары Наметкулова А Карибаева А

14	Жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Өз өмірің - өз қолында» атты апталық психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл бойы	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп психологтары Наметкулова А Карибаева А
15	Еріктілер жасақтары арқылы ерекше қамқорлықты қажет ететін балалармен «Біз біргеміз!», "Мен – сенің досыңмын" тақырыбында акциялар ұйымдастыру	Жыл бойы	Тоқсан сайын	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С
16	Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында «Экстремизмге жол жоқ!», «Экстремизм мен терроризм және оның зардаптары» тақырыптарында тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	Жыл бойы	Іс-шаралар	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И
ҚЫРКҮЙЕК – «БІЛІМ» АЙЫ				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
17	А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» апталығын өткізу	Қыркүйек 2023 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Қазақ тіл және әдебиеті бірлестігі
18	Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту мақсатында «Тіл – елімнің тірегі», «Тіл мерейі – ел мерейі» атты поэзия кеші, «Тіл -татулық тірегі» атты интеллектуалды ойын, «Тіл - халық мұрасы» атты бірыңғай сынып сағаттар шеруін ұйымдастыру	Қыркүйек, 2023 жыл	Сынып сағаттар шеруі	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Султанова М.М Қазақ тіл және әдебиеті бірлестігі
19	Білім алушыларға патриоттық тәрбие берумен қатар қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, өзге ұлт өкілдері балаларының қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау мен қазақ тілін жақсы	Қыркүйек, 2023 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С

	білген балаларды қолдау мақсатында «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында байқау өткізу			Мектеп тәлімгері Султанова М.М Қазақ тіл және әдебиеті бірлестігі
20	Балалар мен жасөспірімдер арасында бос уақытты тиімді пайдалану, әдеби кітап оқу мәдениетін арттыру мақсатында «Кел, балалар, оқылық!» атты акция ұйымдастыру	Қыркүйек, 2023 жыл	Акция	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп кітапханасы Сулейменова А
21	Барлық балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыру, спортпен жүйелі түрде шұғылдануға тарту, салауатты өмір салтын насихаттау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Дені сау ұрпақ – еліміздің болашағы» тақырыбында оқушылар арасында баскетбол, волейбол, асық ату, бес асық ойындарын өткізу	Тоқсан сайын	Спорттық ойындар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Султанова М.М Мектеп тәлімгері Денешынықтыру пән бірлестігі Тұрсынбаев Н
22	«Әкелер күні» халықаралық мерекесіне орай «Менің әкем - арқа сүйер тірегім, менің анам - кеудемдегі жүрегім», «Менің әкем – жақсы адам» атты бейнероликтер шеруін ұйымдастыру	Қыркүйек, 2023 жыл	Бейнеролик-тер шеруі	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С ДҚТІЖО Юлдашев Д.И Сынып жетекшілер
23	«Ата-аналар Академиясын» құру	Қыркүйек, 2023 жыл	Ата-аналар академиясы	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Сынып жетекшілер
24	Кітапханаларға ерікті түрде кітаптар өткізу үшін акциялар ұйымдастыру	Қыркүйек, 2023 жыл	Акция	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп кітапханасы
25	1-10 сынып оқушылары арасында «Еңбегі адал жас өрен» жобасын жүзеге асыру бағытында «Сәлем жаңа оқу жылы», «Адал азамат - әділетті Қазақстан» атты танымдық сағаттар, «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін»	Қыркүйек, 2023 жыл	Сыныптан тыс іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С 1-10 сынып жетекшілері

	атты тәрбие сағаттарын ұйымдастырып өткізу			
ҚАЗАН – «АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ» АЙЫ				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
26	Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты пресс – конференция өткізу	Қазан, 2023 жыл	Пресс-конференция	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И
27	Қарттар мен ұрпақтар ынтымақтастығы күніне орай "Қарияға қол ұшын соз", "Ардагерлерді ардақтайық!", "Ақылды қария ағып жатқан дария" іс-шаралар ұйымдастыру	Қазан, 2023 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Кәсіподақ төрайымы Сынып жетекшілер
28	Білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілік дағдылары мен көшбасшылық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында оқушылардың өзін-өзі басқару күнін ұйымдастыру	Қазан, 2023 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері
29	Ұстаздар күніне орай «Ұстаздарға мың алғыс» мерекелік концерт	Қазан, 2023 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері 11-сынып жетекшілері
30	"Еңбегі адал жас өрен" жобасын іске асыру мақсатында 9-11 сыныптар арасында "Менің бизнес идеяларым", "Адалдық-атадан қалған мұра" атты еңбек ардагерлерімен кездесу өткізу	Қазан, 2023 жыл	Кездесу	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері 9-11 сынып жетекшілері
31	«Оқушылар арасында зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу» тақырыбындағы дәрістер шеруін өткізу	Қазан, 2023 жыл	Дәріс өткізу	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И Сынып жетекшілер
32	"Жеткіншектің Жеті Жарғысы" жобасын іске асыру мақсатында 1-11 сыныптар арасында	Қазан, 2023 жыл	Көшбасшылық сайыс	ДТІЖО Турганбаева Ш.А

	"Өнегелі өмір", "Бес нәрсеге асық бол" атты көшбасшылық сайыс ұйымдастыру			Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Өзін-өзі басқару ұйымы
33	Үйде білім алатын балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Сіздің үйге шексіз мейіріммен», «Қыстың, жаздың, күздің, көктемнің сұлулығы» тақырыбында сырттай фотобайқауын ұйымдастыру	Қазан, 2023 жыл	Фотобайқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С
34	Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстазға алғыс» атты тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	Қазан, 2023 жыл	Тәрбие сағаттары	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Сынып жетекшілер
35	25 қазан - Республика күні мерекесіне орай "Қазақстан-туған жерім, туған елім" бірыңғай сынып сағаттары, "Менің арманымдағы Қазақстан" сурет, эссе байқауларын, "Туған елім Қазақстаныма арнаймын" атты мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру	Қазан, 2023 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері Өзін-өзі басқару ұйымы
36	9-11 сынып оқушылары арасында Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай «Қазақ әдебиетінің ақ сұңқары», «Сәкен жырдың сарқылмас дариясы» атты поэзия кештерін ұйымдастыру	Қазан, 2023 жыл	Поэзия кеші	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі 9-11 сынып жетекшілері
37	Оқушыларға патриоттық тәрбие беру және Отан сүйгіштік қасиеттерге баулу мақсатында «Мен өз елімнің патриотымын» атты танымдық сағаты, «Мәңгілік ел - Қазақстан» атты флешмоб, «Жас сарбаз» атты әскери - патриоттық әндер фестивалін ұйымдастыру	Қазан, 2023 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер Музыка пәні мұғалімі
ҚАРАША – «ПОЭЗИЯ» АЙЫ				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				

38	Ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету жұмысын жетілдіру мақсатында кеңес беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру	Қараша, 2023 жыл	Кеңес беру	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп психологы
39	5-11 сынып оқушылары арасында Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына орай «Дауылпаз ақын – ел мақтанышы» атты зерттеушілік жұмыс, «Жалынды ақын Махамбет» атты сынып сағаттарын өткізу	Қараша, 2023 жыл	Сынып сағаттары	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Тарих пәні бірлестігі 5-11 сынып жетекшілері
40	«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Домбыра Party» атты ата-ана сағатын, «Бәрі де ана бір өзіңнен басталады» атты тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	Қараша, 2023 жыл	Тәрбие сағаттары	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Сынып жетекшілер
41	Білім алушыларға рухани-адамгершілік құндылықтарын дарытып, бір-біріне және қоғамға деген мейірімділік құндылығына үйрету мақсатында «Балаға мейірім сыйла!» атты акция өткізу	Қараша, 2023 жыл	Акция	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
42	Дарынды балаларды анықтау, қолдау көрсету, ой-өрісін кеңейту мақсатында «Ұшқыр ой алаңы» атты дебат турнирін ұйымдастыру	Қараша, 2023 жыл	Дебат	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С «Орда» дебат клубы
43	«Еңбек жемісі» атты ата-аналардың жұмысына саяхат апталығын ұйымдастыру	Қараша, 2023 жыл	Саяхат	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері
44	Жасөспірімдердің кибербуллинг пен буллинг және киберқылмыстың алдын алу мақсатында «Кибербуллингтің зардаптары», «Балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігінің алдын алу» тақырыптарында апталық өткізу	Қараша, 2023 жыл	Апталық	ДҚТІЖО Юлдашев Д
ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				

45	1-11 сынып оқушылары арасында Төле бидің 340 жылдығына орай «Туралықты тұғыр еткен Төле би», «Төле би - тура би, сөз сардары» тақырыптарында адалдық сағаттарын ұйымдастыру	Желтоқсан, 2023 жыл	Адалдық сағаты	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С 2-11 сынып жетекшілері
46	«Мақатаев оқулары» атты байқауын өткізу	Желтоқсан, 2023 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі
47	7-8 сынып оқушылары арасында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына орай «Реалист ақын» атты поэзия кешін ұйымдастыру		Поэзия кеші	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі
48	1-11 сынып оқушылары арасында "Шежіре: менің тегімнің тарихы" тақырыбында бейнероликтер байқауын ұйымдастыру	Желтоқсан, 2023 жыл	Бейнероликтер байқауы	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Тарих пәні бірлестігі
49	ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Тарихым - мақтанышым» тақырыбында эссе жазғызу, "Тәуелсіздік таңы мәңгілік", «Ұлттық рух – мәңгілік ел болудың өзегі» тақырыптарында сынып сағаттарын ұйымдастыру	Желтоқсан, 2023 жыл	Сынып сағаттары	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі Сынып жетекшілер
50	Оқушыларды кітап оқуға тарту мақсатында 1-11 сыныптар арасында "Бір отбасы-бір кітап", "Жақұты барға жасын түспейді" тақырыбында әдеби кеш өткізу	Желтоқсан, 2023 жыл	Әдеби кеш	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп кітапханасы Сынып жетекшілері
ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
51	«Тарихқа құрмет» жобасы аясында Ілияс	Қаңтар,	Дөңгелек үстел	ДТІЖО

	Жансүгіровтің 130 жылдығына орай 8-9 сынып оқушылар арасында «Жыр Құлагері» атты дөңгелек үстел ұйымдастыру	2024 жыл		Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі 8-9 сынып жетекшілері
52	Білім алушылардың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Гаджет және бала», «Ғаламтор мен әлеуметтік желілер: зияны немесе пайдасы» тәрбие сағаттарын өткізу	Қаңтар, 2024 жыл	Тәрбие сағаттары	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С ДҚТІЖО Юлдашев Д.И
53	1-8 сынып оқушылары арасында әдеп нормаларын ұстану, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту мақсатында «Әдептілік -ізеттілік» атты дискуссия, «Дос және достық» атты тәрбие сағаттары, «Мейірімділік - асыл қасиет» атты қайырымдылық тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	Қаңтар, 2024 жыл	Тәрбие сағаттары	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Өзін-өзі басқару ұйымы 1-8 сынып жетекшілері
54	Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау мақсатында «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында эссе жазғызу, «Виртуалды әлемдегі бала қауіпсіздігі», «Қауіпсіз интернет» тақырыптарында пікір - сайыс, «Қаржылық сауаттылық» тақырыбында әңгіме - сұхбат өткізу	Қаңтар, 2024 жыл	Әңгіме-сұхбат	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И
55	**«9 айға тоғыз шара», «4 тоқсан төрт шара»** жобаларын жүзеге асыру мақсатында дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру	Қаңтар, 2024 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Денешынықтыру пәні бірлестігі Тұрсынбаев Н

АҚПАН – « ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ» АЙЫ				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
56	7-8 сынып оқушылар арасында Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына орай «Алаштың бір туар азаматы», «Алаш зиялылары және ұлт тілі» атты өлкетану сағатын өткізу	Ақпан, 2024 жыл	Өлкетану сағаты	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С 7-8 сынып жетекшілері
57	Шешендік өнер және музыкалық импровизация бойынша «Ақберен» атты байқауын өткізу	Ақпан, 2024 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі
58	«Мәшһүр Жүсіп оқулары» атты байқауын өткізу	Ақпан, 2024 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Мектеп кітапханасы
59	«Абай оқулары» атты байқауын өткізу	Ақпан, 2024 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі
60	«Ақпан айы - жалпы білім беру ұйымдарында психологиялық кеңес беру айлығы» тақырыбында психологиялық кеңес беру айлығы және «Құқықтық тәрбие - құқық бұзушылықтың алдын алу» айлығын өткізу	Ақпан, 2024 жыл	Іс-шаралар	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И
НАУРЫЗ – «ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ» АЙЫ				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
61	Ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында «Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру	Жыл бойы	Жоба	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Тарих пәні бірлестігі «Көркем эстетикалық пәндер» бірлестігі
62	«Ана-өмірдің шуағы» мерекелік іс-шара	Наурыз 2024 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А

				Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері 11-сынып жетекшілері
63	22 наурыз мерекесіне орай «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» атты ұлттық ойындар, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» атты ұлттық киімдер байқауын өткізу	Наурыз, 2024 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С «Көркем эстетикалық пәндер» бірлестігі Денешынықтыру пәні бірлестігі
64	«Эко-күнтізбе» айдары бойынша 5-8 сынып оқушыларына арналған «Экология балалар көзімен» атты жас суретшілер байқауы, «Ғажайыпқа толы табиғат сырлары» атты экочелледжін өткізу	Наурыз, 2024 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С «Көркем эстетикалық пәндер» бірлестігі 5-8 сынып жетекшілері
65	«Мағжан оқулары» атты ғылыми-шығармашылық жобалар байқауын өткізу	Наурыз, 2024 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі
66	«Әбіш оқулары» атты ғылыми-шығармашылық жобалар байқауын өткізу	Наурыз, 2024 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі
67	Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, заман көшіне сай, өскелең ұрпақты сол арқылы тәрбиелеу мақсатында «Қазақ болып тумағанда не етер ем...» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу	Наурыз, 2024 жыл	Тәрбие сағаттары	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Сынып жетекшілері
68	5-8 сынып оқушылары арасында адал еңбекті құрметтеу, халқына адал қызмет етуге баулу мақсатында «Адал ұрпақ- елдің болашағы», «Адал ұрпақ- мәңгілік елдің кепілі» атты пікірлесу сағатын өткізу	Наурыз, 2024 жыл	Пікірлесу сағаты	ДҚТІЖО Юлдашев Д.И 5-8 сынып жетекшілері

	СӘУІР– «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» АЙЫ			
	Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап			
69	Оқушылардың бойында кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында «Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының заманауи рөлі» тақырыбында семинарлар өткізу	Сәуір, 2024 жыл	Семинар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп кітапханасы
70	«Ілияс оқулары» байқауын өткізу	Сәуір, 2024 жыл	Байқау	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі
71	1-8 сынып оқушылары арасында салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтануды тиімді ұйымдастыру мақсатында «Дұрыс тамақтана білесің бе?» атты сынып сағаттарын, «Дені саудың - тәні сау» атты флешмобтар, «Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» атты пікір - сайыстар өткізу	Сәуір, 2024 жыл	Пікір -сайыс	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілері
72	7-9 сынып оқушылар арасында Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің 930 жылдығына орай «Даналық хикметтері» атты оқырмандар конференциясын ұйымдастыру	Сәуір, 2024 жыл	Оқырмандар конференция-сы	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С 7-9 сынып жетекшілері
73	9-11 сынып оқушылары арасында шешім қабылдай білу, жауапкершілікті сезіну, өзінің, өзінің отбасының, сыныптың, мектептегі қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну мақсатында «Мен таңдаған мамандық» атты дәріс, «Мен көшбасшымын» атты сайыс өткізу	Сәуір, 2024 жыл	Сайыс	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері 9-11 сынып жетекшілері
74	Адамгершілік-жыныстық тәрбиелеу,	Сәуір,	Кездесу	ДТІЖО

	жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын нығайту мақсатында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты арнайы мамандардың қатысуымен кездесу өткізу	2024 жыл		Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С ДҚТІЖО Юлдашев Д
МАМЫР – «БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ» АЙЫ				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
75	«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасын жүзеге асыру бағытында әскери-патриоттық бағдарда «Кітапқа жазылмаған тарих» атты ерлік сабақтарын өткізу	Мамыр, 2024 жыл	Сыныптан тыс іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С АӘ және ТД пәні
76	Халықаралық отбасы күніне орай ата-аналарға арналған "Менің балам – көшбасшы" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастыру	Мамыр, 2024 жыл	дөңгелек үстел	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Сынып жетекшілер
77	Халықаралық отбасы күніне орай «Денсаулық FEST» атты ата-ана сағаты, «Отбасы FEST» атты фестивалін өткізу	Мамыр, 2024 жыл	Іс-шаралар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
78	4 маусым-ҚР Мемлекеттік Рәміздері күніне орай "Рәміздерді құрметтеу-халықты құрметтеу" апталық ұйымдастыру	Мамыр, 2024 жыл	Апталық	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
79	9-11 сынып оқушылар арасында Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай «Мен жастарға сенемін» атты акция, «Заманның заңғар тұлғасы» атты әдеби кеш, «Мағжан туралы не білеміз...» атты танымдық сағаттар ұйымдастыру	Мамыр, 2024 жыл	Танымдық сағаттар	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері Қазақ тілі және әдебиет пәні бірлестігі 9-11 сынып жетекшілері
80	5-8 сынып оқушылары арасында Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай «Шәкәрім ақын шалқарынан» атты театрлық қойылымдар, «Адамдық борышың» атты пікір - сайыс, «Шәкәрім әлемі» атты ой толғау сағатын	Мамыр, 2024 жыл	Ой толғау сағаты	ДТІЖО Турганбаева Ш.А Кекежан Д.С Мектеп тәлімгері 5-8 сынып жетекшілер